



## "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 52 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қантарда № 4030 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 361 шешімімен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 10.06.2020 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Осы шешімге "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік куәлігін беру Қағидасына қосымшалар бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының  
Х сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының хатшысы

У. Бейсембаев

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 52 шешімімен бекітілген

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасы**

**1. Жалпы ереже**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік куәлікті берудің осы Қағидасы (бұдан-әрі Қағида) "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәлихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік куәлікті беру тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік куәлігі (бұдан-әрі қызметтік Куәлік) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты (бұдан-әрі – Аппарат) коммуналдық мемлекеттік мекеменің әкімшілік мемлекеттік лауазымдық өкілеттілігін растайтын ресми құжат болып табылады.

3. Қызметтік куәлік осы шешіммен бекітілген сипаттамаға сәйкес болады.

4. Куәлік тиісті рәсімделмесе, іс-әрекеті өткен және тазартылған, түзетілген болса жарамсыз болып саналады.

## **2. Қызметтік куәлікті беру тәртібі**

5. Қызметтік куәлік Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының хатшысының қолтаңбасымен беріледі.

Қызметтік куәлік Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының хатшысының өкілеттілігі мерзіміне жарамды.

6. Куәлік лауазымға тағайындалған, ауыстырылған, бүлінген, жоғалған, алдындағы берілген куәліктің қолдану мерзімі өткен кезде беріледі.

Қызметтік куәлікті алған кезде қызметкерлер осы Қағиданың 1 қосымшасындағы нысанға сәйкес Аппараттың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлікті беру есебінің журналына (бұдан әрі - есеп журналы) қол қояды.

7. Қызметтік куәлік және есебінің журналы Аппараттағы кадр қызметінің сейфінде сақталады.

8. Мемлекеттік қызметке бірінші кірген мемлекеттік қызметшіге қызметтік куәлікті тапсырған кезде оны пайдалану және сақтау тәртібі түсіндіріледі.

Осы Қағиданың 6 тармағында қарастырылған қызметтік куәлікті ауыстырған кезде, бұрынғы берілген қызметтік куәлік қызметтік куәлікті беруге жауапты кадр жөніндегі бас маманмен алынады.

## **3. Қызметтік куәліктің сипаттамасы**

9. Қызметтік куәліктің сыртқы қабаты көк түсті жоғары сапалы былғарыны ауыстыруши немесе экобылғарыдан құрылған 19 x 6,5 см (ашылған түрінде).

10. Куәліктің беткі жағында ортасында алтын түсті Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, төменгі жағында типографиялық шрифтегі "КУӘЛІК", "УДОСТОВЕРЕНИЕ" жазбасы болады.

11. Куәліктің ішкі жағында ақ түсте белгіленген ұлгідегі тангир торының аясында күннің астында қалықтаған бүркіт бейнеленген көгілдір түсте орындалған. Үстіңгі жағында "СОЛТУСТИҚ ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ", "АППАРАТ МАСЛИХАТА ТАЙЫНШИНСКОГО РАЙОНА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ" жазуы орналастырылған; олардың астында мәтіннен ерекшеленетін, қызыл жолақты "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", "РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН" жазуы бар.

12. Оң жағында: мөлшері 3x4 см фотосуреті (анфас, түсті), оның жанында қызметтік куәліктің нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (барында), атқарып отырған лауазымы көрсетілген. Орыс тіліндегі мәтін орналастырылған, аудандық мәслихат хатшысының қолымен расталады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

13. Сол жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, елтаңба астында "ҚАЗАҚСТАН" оның жанында қызметтік куәліктің нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (барында), атқарып отырған лауазымы көрсетілген. Мемлекеттік тілдегі мәтін орналастырылған. Төменгі жағында куәліктің жарамды мерзімі көрсетілген.

#### **4. Қорытынды ереже**

14. Куәліктердің берілуі мен қайтарылуын есепке алуды осы Қағидалардағы нысан бойынша нөмірленетін және тігілетін, куәліктерді беру және қайтару журналында жүзеге асырылады.

15. Қызметтік куәлікті жоғалтқан немесе бұлдірген кезде, оның иесі шұғыл түрде жазбаша (қағаз) нысанда кадрлық қызметке хабарлайды.

Куәлікті жоғалтқан адам жоғалған куәліктің жарамсыздығы туралы ақпаратты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға жібереді.

16. Қызметтік куәлікті дұрыс сақтаму нәтижесінде болған жоғалту, бұлдіру, сондай-ақ қызметтік куәлікті басқа тұлғаларға беру, қызметтік куәлікті жеке басы үшін қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланудың әрбір фактіні тиісті кадр қызметі белгіленген тәртіппен қызметтік тексеру жүргізу туралы өкім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде қызметтік тексеру жүргізеді, нәтижесі бойынша Аппараттағы тәртіптік комиссия кінәліні тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселені қарастырады.

17. Жаңа қызметтік куәлік қызметтік тексеріс өткеннен кейін кадр жөніндегі бас маманмен беріледі.

18. Атқарып отырған лауазымынан босатылған, қызметтен босатылған, ауыстырылған (қайта тағайындалған) кезде, қызметкерлер тиісті бұйрықтың шыққан күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде куәлікті алған орнына тапсырады.

19. Қызметтік күеліктерді есептен шығару және жоюоды жауапты құрылымдық бөлімше, осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес, нысан бойынша қуәліккі есептен шығару және жою актісін жасаумен жылына бір рет жүргізеді.

20. Жыл сайын, 1 қантардағы жағдай бойынша құрылым басшысымен қызметтік күеліктердің олардың есепті деректерімен сәйкестігіне тексеріс жүргізіледі.

21. Толтыру тәртібіне, ресімделуіне, есебіне, берілуіне, сақталуына және жойылуына жалпы бақылауды құрылым басшысы іске асырады.

22. Атқарып отырған лауазымынан босатылған қызметкер қызметтік күелікті кадр жөніндегі бас маманға тапсырады.

Күелікті тапсырған кезде қызметтік күелікті беру үшін жауапты кадр жөніндегі бас маман тапсыру параграфына қолын қояды.

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты"  
ауданы мәслихатының аппараты"  
коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік күелігін беру Қағидаларын және  
оның сипаттамасы 1 қосымша

Нысан

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты"  
коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік күеліктерін беру және  
қайтару журналы**

№	Қызметтік күеліктің номірі	Тегі, Аты, Экесінің аты (бар болса)	Атқарып отырған лауазымы	Берілген күні	Алғаны туралы жеке қолы	Қызметтік күелікті ауыстырғаны және тапсырғаны туралы белгі (тағайындау, лауазымының өзгеруі, мерзімі өтуі, жұмыстар босатылуы, жоғалтуы)	Қызметтік күеліктің жойылуы (номірі және актінің күні)	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік күеліктерін беру және қайтару журналы тігілген, номірленген болуы тиіс және кадр қызметінің қолымен расталады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты"  
ауданы мәслихатының аппараты"  
коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік күелігін беру Қағидаларын және  
оның сипаттамасы 2 қосымша

Нысан

## Ұймның атауы

### АКТІ

№

Жасалу орны                    күні

Біз, төменде қол койғандар (кемінде 3 қызметкер, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), атқаратын лауазымын корсету керек), "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтік қуәлігін беру қағидаларының 19-тармағының негізінде қызметкерлерді есептен шығаруға және жоюға жиналған практикалық манызын жоғалтқан қызметтік қуәліктерін зерделеп: жұмыстан босатылуға, басқа қызметке ауысуға байланысты, тізімге сәйкес:

Оларды есептен шығару және жою бойынша осы актіні жасадық.

Лауазымның атауы                    Қолы

Лауазымның атауы                    Қолы

Лауазымның атауы                    Қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК